

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
докторант Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының
«Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын
қамтамасыз ету негіздерінің әдістемесі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ**

Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – қатерлі ісік аурулары бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу және жетілдіру мәселесіне арналған.

Зерттеу барысында медициналық көмектің сапасы мен көлемін бағалаудың кешенді әдістемесі әзірленді. Атап айтқанда, экстерриториялық тәсіл мен апелляциялық механизмдерді қамтитын бұл методология көрсетілген қызметтердің нәтижелері туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Нормативтік-құқықтық базаға терең талдау жүргізіліп, қолданыстағы бұйрықтарға негізделген нақты түзетулер ұсынылды, бұл тегін көмектің кепілдендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіндегі келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын бақылауды айтарлықтай жақсарттады.

Жұмыста өңірдегі онкологиялық аурулардың таралуына эпидемиологиялық талдау жасалып, халықтың медициналық және экономикалық қажеттіліктеріне кешенді баға берілген. Онкологиялық көмектің ұйымдастырушылық құрылымына жүйелі талдау жүргізіліп, оның ішінде төсек қорын, медициналық жабдықтарды және мекемелердің кадрлық әлеуетін пайдалану тиімділігі бағаланған. Медициналық көмек сапасын бағалауға және анықталған бұзушылықтардың түпкі себептерін айқындауға ерекше назар аударылған, бұл проблемалық аймақтарды нақтылауға және жақсартудың басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Сапа мен көлемді мониторингілеудің әзірленген алгоритмдері Халықаралық аурулар жіктемесіне сәйкес нозологиялық формалар бойынша сараланған және медициналық ұйымдардың тәжірибесінде тікелей қолданысқа ие.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын бағалау мен мониторингілеудің методологиялық негіздерін кешенді түрде әзірлеуден тұрады. Бұл дәрігерлердің жұмыс көрсеткіштерін, пациенттерді қолдау қызметінің деректерін және ішкі аудиттер нәтижелерін бірыңғай аналитикалық жүйеге біріктіруге алғаш рет мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған әдістемелік тәсілдердің медициналық ұйымдардың қызметіне, ішкі және сыртқы сапаны бақылау жүйелеріне енгізілу мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері онкологиялық пациенттерге медициналық көмек көрсету сапасын

арттырудың ұлттық стандарттары мен бағдарламаларын жетілдіруде, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарының басқарушылық қызметінде және нормативтік-әдістемелік құжаттарды дайындауда қолданыла алады.

Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған, тиісті құрылымға ие, клиникалық-статистикалық материалдардың жеткілікті көлемімен және деректерді талдаудың заманауи сандық әрі сапалық әдістерін дұрыс қолдануымен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, апробациядан өтті. Тақырып бойынша 7 ғылыми жарияланымдар шығарылды.

Докторант зерттеудің барлық сатыларында – бастапқы гипотезаны негіздеуден бастап, түпкілікті ғылыми тұжырымдарды жасауға дейін – жоғары кәсіби шеберлік пен ғылыми ізденімпаздық танытты. Өзін күрделі ғылыми мәселелерді дербес шешуге, нәтижелерді терең талдауға және практикалық ұсыныстарды негіздеуге қабілетті, қалыптасқан ғылыми көзқарасы бар зерттеуші ретінде көрсете білді.

Қорытындылай келе, Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының орындаған жұмысы жеке аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, аталған диссертациялық жұмысты ашық түрде қорғауға ұсынуға толық негіз бар деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
«Астана медицина университеті»
КеАҚ Қоғамдық денсаулық және
менеджмент кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры, м.ғ.д.**

